

**Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы") туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 106 шешімі.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулердің 2021-2022 жылдарға арналған тізбесі туралы" 2021 жылғы 20 тамыздағы № 11 өкімінің 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы") бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	А. Смайылов	А. Жапаров	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2021 жылғы 5 қазандағы  
№ 106 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы")**

Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже
I. Алып қоюлар			
1. Еңбек көші-қоны			
Алып қою: Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер) еңбекшілерінің мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттарды тану рәсімінен өту қажеттілігі			
1. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі			

<p>– Шарт) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар негізінде ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттарды тануға бағытталған өзгерістер енгізу</p>	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия), мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама</p>
<p>2. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес берілген ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы халықаралық шартқа қол қою</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>халықаралық шарт</p>
<p>3. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес берілген ғылыми атақтар туралы құжаттарды өзара тану туралы халықаралық шартқа қол қою</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>халықаралық шарт</p>
<p>II. Шектеулер</p>			
<p>1. Еңбек көші-қоны</p>			
<p>Шектеулер: жүргізушілерді кәсіптік даярлауға қойылатын талаптарды үйлестірудің, олардың кәсіптік біліктілігін растаудың және жүргізуші куәліктерін беруге және оларды кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асыру үшін пайдалануға байланысты өзге де талаптардың болмауы</p>			
<p>4. Ресей Федерациясына жүргізуші ретінде жұмысқа орналасу кезінде Армения Республикасы азаматтарының ұлттық жүргізуші куәліктерін тану бөлігінде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 104 шешімінің орындалуын қамтамасыз ету</p>	<p>Ресей Федерациясы</p>	<p>2022 ж. II тоқсан.</p>	<p>мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісі</p>

<p>5. Жүргізушілерді кәсіптік даярлаудың қағидаттары мен тәсілдемелерін және олардың ұлттық деңгейде белгіленген кәсіптік біліктілігін растау тәртібін үйлестіруге бағытталған Одақ органының актісін дайындаудың орындылығы туралы мәселені пысықтау</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. I тоқсан.</p>	<p>Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында баяндама (орынды болған жағдайда-Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімінің жобасы)</p>
<p>2. Кедендік әкету баждарын есепке алу және аудару</p>			
<p>Шектеу: мүше мемлекеттен шығарылатын және осы мүше мемлекетте кедендік әкету баждары салынатын тауарларды басқа мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде кедендік әкету баждарын алу мәселесінің реттелмеуі</p>			
<p>6. Одақтың кедендік аумағынан үшінші елдерге тауарларды әкету кезінде кедендік әкелу баждарын төлеу, есепке жатқызу және аудару тәртібі туралы халықаралық шарттың жобасын әзірлеу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>халықаралық шарттың жобасы</p>
<p>3. Ішкі нарық</p>			
<p>Шектеу: ұлттық электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) куәландырылған, заңдық күші бар электрондық құжаттарды пайдалануды көздейтін Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (жеке және заңды тұлғалар)арасында мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін жағдайлардың болмауы</p>			
<p>7. Ұлттық электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттарды пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы трансшекаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. II тоқсан</p>	<p>Одақ органының актісі</p>

8. Шартқа осы шектеуге қатысты бөлігінде өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. II тоқсан	Шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар
9. Мүше мемлекеттер айқындаған салалардағы трансшекаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) тану және электрондық құжаттардың заңдық күшін қамтамасыз ету жөніндегі Одақ органының актісін әзірлеу және қабылдау	(Комиссия, мүше мемлекеттер)	2022 ж. IV тоқсан	Одақ органының актісі
Шектеу: Одақ шеңберінде күшті әсер ететін заттардың айналымы саласында келісілген құқықтық реттеудің болмауы			
10. Комиссияның күшті әсер ететін заттардың айналысын одақ құқығында реттеу механизміне қатысты ұсыныстары бар баяндаманы дайындауы (халықаралық шарттың жобасын қоса бере отырып)	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. I тоқсан	баяндама, халықаралық шарттың жобасы
11. Күшті әсер ететін заттардың трансшекаралық өткізілуін реттейтін Одақ шеңберіндегі халықаралық шарт жобасын әзірлеу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан	халықаралық шарттың жобасы
Шектеу: Одақ шеңберінде мәдени құндылықтар айналымы саласында келісілген құқықтық реттеудің болмауы			
12. Мүше мемлекеттер арасында мәдени құндылықтарды өткізу туралы халықаралық шартты әзірлеу және оған қол қою	Комиссия, мүше мемлекеттер		халықаралық шарт

## 4. Техникалық реттеу

Шектеу: мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына бақылау және қадағалау іс-шараларын жүзеге асыруы кезінде өзара іс-қимылы үшін, сондай-ақ Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына бақылау және қадағалау іс-шараларын жүргізу қорытындылары бойынша мүше мемлекеттер арасында туындайтын даулы мәселелерді қарау және реттеу үшін заңнамалық негіздердің болмауы

13. Көрсетілген салада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың қағидаттары мен тәсілдемелері туралы келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу

мүше мемлекеттер

2022 ж.  
I тоқсан

Келісімнің күшіне енуі

14. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының, сондай-ақ мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді мемлекеттік бақылау (қадағалау) жүргізуді ұйымдастыру және мүше мемлекеттердің аумақтарында айналысқа және айналысқа шығаруды болдырмау мақсатында аккредиттеуді жүргізуге мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген органдармен немесе

Комиссия,  
мүше мемлекеттер

2022 ж. III тоқсан\*

занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін қабылдау			Комиссия Кеңесінің шешімі
15. Басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы жүргізген іс-шаралардың нәтижелерімен келіспейтін мүше мемлекеттің өтінішін қарау тәртібін қабылдау	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан*	Комиссия Кеңесінің шешімі
16. Одақтың "Қауіпті өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің интеграцияланған ақпараттық жүйесін іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарды бекіту"	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан	Комиссия Кеңесінің шешімі
Шектеу: өнімге қойылатын міндетті талаптарды, сәйкестікті міндетті бағалауды жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу бөлігінде мүше мемлекеттердің бастапқы (салыстырмалы) заңнамасын белгілеуге қойылатын жалпы қағидаттар мен тәсілдемелердің болмауы			
17. Мүше мемлекеттердің заңнамасында өнімге қойылатын міндетті талаптарды, сәйкестікті міндетті бағалауды жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеудің жалпы қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімін қабылдауды көздейтін толықтырулар енгізу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан	Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама
18. Мүше мемлекеттердің заңнамасында өнімге қойылатын міндетті талаптарды, сәйкестікті			

міндетті бағалауды жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеудің жалпы қағидаттары мен тәсілдемелерін айқындау	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан**	Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі
19. Өнімге қойылатын міндетті талаптарды, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен белгіленген сәйкестікті міндетті бағалауды жүргізу қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеудің жалпы қағидаттары мен тәсілдемелерін мемлекетішілік деңгейде іске асыру (имплементациялау)	мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан**	мүше мемлекеттердің Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімін іске асыру туралы ақпараты
Шектеу: Одақтың техникалық регламенттерінде, мемлекетаралық және ұлттық (мемлекеттік) стандарттарда, сондай-ақ олардың өзекті еместігіне және (немесе) болмауына байланысты зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелерінде белгіленген міндетті талаптардың орындалуын жеткілікті қамтамасыз етудің болмауы			
20. Одақ шеңберінде стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру тәртібін бекіту үшін Комиссияға өкілеттіктер беру туралы ережелермен толықтыру бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2021 ж. IV тоқсан	Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама
21. Одақ шеңберінде стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру тәртібін қабылдау	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. IV тоқсан*	Комиссия Кеңесінің шешімі
22. Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген міндетті талаптардың орындалуын қамтамасыз етудің өзекті механизмдері бойынша ұсыныстар дайындау	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. II тоқсан	Комиссия кеңесінің отырысында өзекті механизмдер бойынша ұсыныстары бар баяндама

<p>23. Одақта стандарттау саласында келісілген саясатты жүргізу мүмкіндігі бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. III тоқсан</p>	<p>Шарттың ережелерін жетілдіру жөніндегі жиынтық жұмыс тобының хаттамасы</p>
<p>24. Комиссия Алқасы бекітетін Одақтың техникалық регламенттері талаптарын сақтау оларды қолдану нәтижесінде ерікті негізде қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарламаға енгізілген мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>	<p>2021–2022 жылдар, одан әрі тұрақты түрде</p>	<p>Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын іске асыруға арналған стандарттар тізбесіне енгізілген мемлекетаралық стандарттар</p>
<p>Шектеу: мүше мемлекеттердің аккредиттеу саласындағы заңнамасын үйлестірудің жеткіліксіздігі, оның ішінде қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу үшін қажетті өзара салыстырмалы бағалардың, сондай-ақ аккредиттеу саласындағы мүше мемлекеттер арасындағы даулар мен наразылықтарды шешу рәсімдерінің болмауы</p>			
<p>25. Мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының өзара салыстырмалы бағалау жүргізу тәртібін бекіту</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. II тоқсан</p>	<p>Комиссия Кеңесінің шешімі</p>
<p>26. Мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының өзара салыстырмалы бағалау жүргізу нәтижелерін талдау және мүше мемлекеттердің</p>		<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдары басшылары</p>



заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (қажет болған кезде)	мүше мемлекеттерді аккредиттеу жөніндегі органдар		кеңесі отырысының хаттамасы
27. Комиссия Кеңесінің осы жоспардың 14-тармағында көрсетілген, оның ішінде мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аккредиттеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органдармен немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейтін шешімін қабылдау	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. III тоқсан*	Комиссия Кеңесінің шешімі
Шектеу: Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 52 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін Өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімнің жекелеген түрлеріне қатысты бірыңғай міндетті талаптардың болмауы			
28. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібіне Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және қабылдау рәсімдерін жетілдіруді, сондай-ақ ДСҰ-дағы міндеттемелерді ескере отырып, оларға өзгерістер енгізу рәсімдерін ретке келтіруді қамтамасыз ететін өзгерістер енгізу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2022 ж. III тоқсан	Комиссия Кеңесінің шешімі
29. Одақтың техникалық регламенттерін және Кеден одағы			

<p>Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 526 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін Өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімнің жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістерді әзірлеу және бекіту</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 57 шешімімен белгіленген мерзімдерге сәйкес</p>	<p>Комиссия Кеңесінің шешімі</p>
<p>30. Комиссия Алқасының Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарының орындалуы және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 57 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу мониторингі туралы жыл сайынғы есебін ұсыну</p>	<p>Комиссия</p>	<p>2022 ж. II тоқсан, одан әрі жыл сайын</p>	<p>Комиссия кеңесінің отырысында жыл сайынғы есеп нәтижелері бойынша баяндама</p>
<p>5. Ішкі нарық</p>			
<p>Шектеу: аумағынан тауарларды әкету жүргізілетін мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан тауарларды әкету жүзеге асырылатын жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы берілген қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру мәселесінің реттелмеуі</p>			
<p>31. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі шеңберінде тауарларды әкету олар аумағынан өтетін мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан жүзеге асырылатын жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген қорытындылар (</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. II тоқсан</p>	

<p>рұқсат беру құжаттары) бойынша ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындау</p>			<p>мүше мемлекеттердің ұсыныстары</p>
<p>32. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі шеңберінде тауарларды әкету олар аумағынан өтетін мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан жүзеге асырылатын жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген қорытындылар ( рұқсат беру құжаттары) бойынша ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде Одақ құқығының актілерін қабылдау</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>Одақ құқығының актілері</p>
<p>6. Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алулар</p>			
<p>Шектеу: мүше мемлекеттердің мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу тәртібінің жетілмегендігі</p>			
<p>33. Мемлекеттік ( муниципалдық) сатып алу саласындағы ұлттық режимнен алып тастау туралы ережелер бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама</p>
<p>34. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 69 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның мүше мемлекеттердің мемлекеттік ( муниципалдық) сатып</p>			

<p>алу саласында ұлттық режимнен алып қоюды белгілеуі жөнінде актілер қабылдау туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің хабарламаларын, мүше мемлекеттердің осындай актілердің күшін жою мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау, сондай-ақ Комиссияның осындай актілердің күшін жою қажеттігі туралы шешімдер қабылдау тәртібіне өзгерістер енгізу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>IV тоқсан 2022 ж.</p>	<p>Комиссия Кеңесінің шешімі</p>
---	-----------------------------------	------------------------------	----------------------------------

Шектеу: бір мүше мемлекеттің резидент банктері кепілдіктерді мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ретінде берген банктік кепілдіктерді пайдалану және басқа мүше мемлекеттің тапсырыс берушілерімен мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүргізу кезінде келісімшарттың (шарттың) орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауы

<p>35. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің банктері беретін банк кепілдіктерін өзара тану туралы халықаралық шартқа қол қою</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2022 ж. IV тоқсан</p>	<p>халықаралық шарт</p>
--	-----------------------------------	--------------------------	-------------------------

\* Іс – шара Комиссияға өкілеттіктер берілгеннен кейін (Шартқа өзгерістер енгізу туралы тиісті хаттама күшіне енгеннен, 2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың қағидаттары мен тәсілдемелері туралы Келісім күшіне енгеннен кейін) ғана орындалуы мүмкін.

\*\*Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 4 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.6.1-тармағының орындалу мерзімдерін ескере отырып.